



Евразийский Банк

«Еуразиялық банк» АҚ
Директорлар кеңесінің
2018 жылғы 05 қаңтардағы
№1 хаттамасымен бекітілді

Жария орналастыру үшін

ОПЕРАЦИЯЛАР ЖҮРГІЗУДІҢ ЖАЛПЫ ТАЛАПТАРЫ ТУРАЛЫ ҚАҒИДА

 Евразийский Банк	ҚҒ	беті. 2 19
	ОПЕРАЦИЯЛАРДЫ ЖҮРГІЗУДІҢ ЖАЛПЫ ТАЛАПТАРЫ ЖӨНІНДЕГІ ҚАҒИДА	

ҚҒ

 Евразийский Банк	ҚҒ	беті. 3 19
	ОПЕРАЦИЯЛАРДЫ ЖҮРГІЗУДІҢ ЖАЛПЫ ТАЛАПТАРЫ ЖӨНІНДЕГІ ҚАҒИДА	

Операциялар жүргізудің жалпы талаптары туралы қағида (бұдан әрі - Қағида) Қазақстан Республикасы заңнамасы талаптарына, соның ішінде Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексі (бұдан әрі - Азаматтық кодекс), Қазақстан Республикасының "Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға), терроризмді қаржыландыруға және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы" заңына, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" заңына (бұдан әрі - Банктер туралы заң), Қазақстан Республикасының "Дербес деректер және оларды қорғау туралы" заңына (бұдан әрі - Дербес деректер туралы заң), АҚШ-тың "Шетелдік шоттарға салық салу туралы" заңына (Foreign Account Tax Compliance Act – FATCA), Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2017 жылғы 28 шілдедегі № 136 қаулысымен бекітілген Банктік қызметтерді көрсету, ақпаратты жария ету және банктердің, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың банктік қызметтерді көрсету үдерісінде туындайтын клиенттердің өтініштерін қарау қағидаларын бекіту туралы қағидасына (бұдан әрі - банктік қызметтерді көрсету қағидасы), Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің нормативтік құқықтық актілерінің талаптарына, "Еуразиялық банк" АҚ (бұдан әрі - Банк) ішкі құжаттарына, соның ішінде "Еуразиялық банк" АҚ Жарғысына, Ішкі нормативтік реттеу саясатына, Ішкі нормативтік құжаттарды басқару жөніндегі нұсқаулыққа сәйкес әзірленді.

1-бөлім. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1-тарау. Банктің операциялар жүргізу жөніндегі негізгі қағидаттары

1. Қағида Банктің операциялар жүргізудегі негізгі қағидаттары мен талаптарын, Банк клиенттерімен жұмыс істеу тәртібін, Банктің және оның клиенттерінің міндеттері мен құқықтарын айқындайды. Қағида Қаржы департаментінің иелігіне жататын қаржыны басқару процесін (L1 деңгейі - процестік картада), тариф саясатын басқаруды (L2 деңгейі - процестер тізілімі) сипаттайды.

2. Қағиданың мақсаты Банктің көрсететін қызметтері /операцияларының шарттары мен тарифтері, сондай-ақ Банкпен ерекше қатынастармен байланысты тұлғаларға көрсетілетін қызметтер/операциялардың шарттары мен тарифтерін айқындайды.

3. Қағида ашық ақпаратқа жатады және коммерциялық құпия нысаны болып табылмайды. Осы норма Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Банктің коммерциялық құпия санатына жататын нақты операциялар жүргізу талаптарына таралмайды.

4. Қағидада Қазақстан Республикасының заңнамасында, электронды анықтамалықта, сондай-ақ төменде берілген түсініктемелер мен шартты белгілер қолданылады:

1) омбудсмен - Банк пен қарыз алушы арасында ипотекалық қарыз шартын жасау кезінде туындайтын келіспеушіліктерді қарыз алушының өтініші бойынша реттеуді жүзеге асыратын, өз қызметін тәуелсіз негізде атқаратын жеке тұлға. Оның мақсаты - қарыз алушы мен Банктің құқықтары мен заңмен қорғалатын мүдделерінің сақталуын қамтамасыз ете отырып, тараптардың өзара келісімге келуіне жәрдемдесу.

2) Қазақстан Республикасының Уәкілетті органы - Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі және қаржы нарығында Банк қызметіне қойылатын талаптарды айқындайтын өзге мемлекеттік уәкілетті органдар.

3) Банктің уәкілетті органы - Банктің алқалы органдары және (немесе) өзінің қызметін Банктің ІНҚ талаптарына сәйкес жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының заңнама талаптарына сәйкес Банктің Директорлар кеңесі міндеттерін орындауға көмектесетін тұлғалар тобы.

5. Банк, оның уәкілетті органдары, басқарушы қызметкерлері банк қызметін жүзеге асыру барысында Қазақстан Республикасы заңнамасының және Қағида талаптарын бұлжытпай орындауға міндетті. Бұл міндет Банктің қатысуымен жасалатын мәмілелер кезінде Қазақстан Республикасы заңнамасында, "Еуразиялық банк" АҚ Жарғысында, лауазымдық нұсқаулықтарда айқындалған талаптар мен іс-қимылдар жауапкершілігі мен оларды орындау қажеттілігін тудырады.

6. Банк жеке және (немесе) заңды тұлғаның бірінші талап етуі бойынша Қағиданы ұсынуға міндетті және клиентті қызықтырған қызмет/операцияны жүргізуге байланысты ықтимал тәуекелдер туралы ақпараттарды беруден бас тартуға құқығы жоқ.

7. Банктік және өзге де қызметтерді/ операцияларды ұсыну түрлері, шарттары және тәртібі Қазақстан Республикасы заңнамасы актілерінде өзгеше қарастырылмаса, Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес жасалған және Банктің тиісті органдары бекіткен ішкі құжаттарына сәйкес айқындалады.

 Евразийский Банк	ҚҒ	беті. 4 19
	ОПЕРАЦИЯЛАРДЫ ЖҮРГІЗУДІҢ ЖАЛПЫ ТАЛАПТАРЫ ЖӨНІНДЕГІ ҚАҒИДА	

8. Банк пен оның клиенті арасындағы қарым-қатынас Қазақстан Республикасының заңнамасында басқаша қарастырылмаса, олардың арасында жасалған шарттар негізінде жүзеге асырылады.

9. Банк Қазақстан Республикасы Уәкілетті органдарының нормативтік құқықтық актілерінің талаптарын, пруденциалдық нормативтердің және банктік қызметті жүзеге асыру барысында сақтауға міндетті өзге де нормалар мен талаптарды сақтауға және орындауға міндетті.

10. Банк туралы заңнамаға сәйкес банктік құпияға жататын банктік операцияларды жүргізу барысында Банк құпиялылықты қамтамасыз етуге міндетті.

11. Дербес деректер туралы заңнамаға сәйкес Банк клиенттердің дербес деректерін жинауды, өңдеуді және қорғауды жүзеге асырады.

12. Банк өз қызметін жүзеге асыру барысында Қазақстан Республикасының «Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға), терроризмді қаржыландыруға және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» заңының және қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға), терроризмді қаржыландыруға және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға қарсы іс-қимыл барысындағы жұмыстарды регламенттейтін Банктің ІНҚ талаптарын сақтауға міндетті.

13. Банк Қазақстан Республикасының "Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға), терроризмді қаржыландыруға және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы" заңының, АҚШ-тың "Шетелдік шоттарға салық салу туралы" заңының (Foreign Account Tax Compliance Act – FATCA), Салық істері бойынша өзара әкімшілік көмек туралы конвенция (ЭЫДҰ) талаптарын орындауға қажетті құжаттарды, ақпараттарды бермеген жағдайда немесе Банк Клиенттің Қазақстан Республикасының Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға), терроризмді қаржыландыруға және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заңнамасына сәйкес танылатын қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға), терроризмді қаржыландыруға және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жағдайларына қатысы бар деген болжамы болған жағдайда Банк клиентпен жасалған шарттың орындалуынан біржақты тәртіппен бас тартуға құқығы бар.

13-1. Белгілері Қазақстан Республикасы уәкілетті органының нормативтік құқықтық актілерінде айқындалған нарықтық емес талаптармен жасалатын мәмілелерге жол берілмейді, ¹атап айтқанда:

1) мемлекеттік бағдарламаларды іске асыру шеңберінде жүзеге асырылған мәмілелерді қоспағанда, төмендегі талаптардың біріне сай келетін мәмілелер:

– берілген банктік қарыз сомасы қарыз алушының (егер тең қарыз алушылар болса, оларды ескере отырып) қаржылық жағдайына және (немесе) оның кірістеріне, сондай-ақ кепілмен қамтамасыз ету құнына сай келмеу;

– борышкердің сыйақыны төлеу төлемінің және (немесе) оның банктік операциялар бойынша негізгі борышты өтеуінің мерзімін кейінге қалдыру бір жылдан асу;

– борышкерден алынатын пайыздық мөлшерлемелердің мөлшері ұқсас банктік операциялар бойынша нарықтық пайыздық мөлшерлемелерден әлдеқайда төмен болса;

2) борышкердің қаржылық жағдайына және (немесе) кірістеріне сай емес сомадағы борышкерлердің міндеттемелері бойынша немесе борышкерге кері талап қою (регресс) құқығынсыз банктік кепілдіктерді немесе кепілдемелерді беру;

3) банктің ірі акционерлерінің және (немесе) басшы қызметкерлерінің талаптарын мерзімінен бұрын қанағаттандыруға алып келетін мәмілелер;

4) талаптарында мәміленің тарапы болып табылатын жеке немесе заңды тұлғаның банк алдында өзіне алған қаржылық міндеттемелерінен толығымен немесе ішінара бас тарту құқығы көзделген мәмілелер.

Қағиданың 13-1 тармағының 1) және 2) тармақшаларының талаптары Банк мәмілесінің мөлшері Банктің меншікті капиталының 1 (бір) және одан көп пайызын құраған жағдайда қолданылады;

2-тарау. Банк жүзеге асыратын операциялар

¹ "Жасалуы банкті төлемге қабілетсіз банктердің санатына жатқызу туралы шешім қабылдау үшін негіз болып табылатын нарықтық емес талаптармен мәмілелердің тізбесін бекіту туралы" ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылғы 29 қазандағы №275 қаулысы.

 Евразийский Банк	ҚҒ	беті. 5 19
	ОПЕРАЦИЯЛАРДЫ ЖҮРГІЗУДІҢ ЖАЛПЫ ТАЛАПТАРЫ ЖӨНІНДЕГІ ҚАҒИДА	

14. Банк Қазақстан Республикасы уәкілетті органы берген лицензия негізінде банктер туралы заңға сәйкес ұлттық және шетел валютасында төменде берілген операциялар түрін жүзеге асырады:

- 1) банктік операциялар:
 - депозиттер қабылдау, заңды тұлғалардың банктік шоттарын ашу және жүргізу;
 - депозиттер қабылдау, жеке тұлғалардың банктік шоттарын ашу және жүргізу;
 - банктердің, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың, сондай-ақ Қазақстан Республикасының бейрезидент қаржы ұйымдарының корреспонденттік шоттарын ашу және жүргізу;
 - жеке және заңды тұлғаларға тиесілі тазартылған бағалы металдардың және бағалы металдардан жасалған монеталардың нақты саны көрсетілетін, осы тұлғалардың металл шоттарын ашу және жүргізу;
 - кассалық операциялар: қолма-қол ақшаны ұсақтауды, айырбастауды, қайта санауды, сұрыптауды, орауды және сақтауды қоса алғанда, оны қабылдау және беру;
 - аударым операциялары: ақша төлемдері мен аударымдары бойынша жеке және заңды тұлғалардың нұсқауларын орындау;
 - есепке алу операциялары: жеке және заңды тұлғалардың вексельдері мен өзге де борышкерлік міндеттемелерін есепке алу (дисконт);
 - банктік қарыз операциялары: төлемділік, мерзімділік және қайтарымдылық шарттарымен ақшалай нысанда банктік қарыздар беру;
 - қолма-қол ақшамен және (немесе) қолма-қол ақшасыз шетел валютасымен айырбастау операциялары;
 - банкноттарды, монеталар мен құндылықтарды инкассациялау;
 - төлем құжаттарын инкассоға қабылдау (вексельдерді қоспағанда).
 - аккредитив ашу (ұсыну) мен оны растау және ол бойынша міндеттемелерді орындау;
 - ақшалай нысанда орындау көзделетін банк кепілдіктерін беру ;
 - үшінші тұлғалар үшін ақшалай нысанда орындау көзделетін банк кепілдіктерін және өзге де міндеттемелерді беру (банкаралық кепілдіктерді қоспағанда);
- 2) өзге операциялар:
 - тазартылған қымбат бағалы металдарды (алтын, күміс, платина, платина тобына жататын металдар) құйма күйінде, қымбат бағалы металдардан жасалған монеталарды сатып алу, кепілге қабылдау, есепке алу, сақтау және сату;
 - құрамында бағалы металдар және (немесе) асыл тастар бар зергерлік бұйымдарды сатып алу, кепілге қабылдау, есепке алу, сақтау және сату;
 - вексельдермен жасалатын операциялар: вексельдерді инкассоға қабылдау, төлемшінің вексельдерді төлеу бойынша қызметтер ұсынуы, домицилденген вексельдерді төлеу, делдалдық тәртібімен вексельдер акцепті;
 - лизинг қызметін жүзеге асыру;
 - меншікті бағалы қағаздар (акцияларды қоспағанда) мен цифрлық қаржы активтерін шығару;
 - факторингтік операциялар: төлем жасамау тәуекелін қабылдай отырып немесе қабылдамай, ақшалай талап беру арқылы қаржыландыру;
 - форфейтингтік операциялар (форфейтингтеу): тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) сатып алушының борыштық міндеттемесін сатушыға айналымсыз вексельді сатып алу арқылы төлеу;
 - сенімгерлік операциялар: сенімгердің мүддесі мен кепілгерлігі бойынша ақшаларды, тазартылған қымбат металдарды, банктік қарыз, микрокредит бойынша талап ету құқықтарын басқару;
 - сейфтік операциялар: сейф жәшіктерін, шкафтарды, үй-жайларды жалға беруді қоса алғанда, құжаттандырылған нысанда шығарылған бағалы қағаздарды, клиенттердің құжаттары мен құндылықтарын сақтау жөніндегі қызметтер;
 - банкаралық қарыздар (банкаралық қаржыландыру), банкаралық кепілдіктер, банкаралық кепілгерліктер, сондай-ақ өзге де банкаралық операциялар.

 Евразийский Банк	ҚҒ	беті. 6 19
	ОПЕРАЦИЯЛАРДЫ ЖҮРГІЗУДІҢ ЖАЛПЫ ТАЛАПТАРЫ ЖӨНІНДЕГІ ҚАҒИДА	

15. Банк туралы Заңға сәйкес, Қағиданың 14-тармағында белгіленген операциялардан бөлек, Банк қызметтің келесі түрлерімен айналысуға құқығы бар:

- банк қызметін автоматтандыру және Банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүзеге асыруды ұйымдастыру үшін қолданылатын арнаулы бағдарламалық жасақтаманы немесе Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес, қаржы қызметтерін көрсетуге байланысты өзге бағдарламалық жасақтаманы өткізу, ұсыну, қолдану және қолдау;
- кез келген ақпараттық тасымалдаушыда банктік және қаржы қызметтерінің мәселелері бойынша арнаулы әдебиеттерді өткізу;
- меншікті мүлкін өткізу;
- төлем карталарын шығару, өткізу, тарату және қызмет көрсету, сауда- қызмет көрсету кәсіпорындарында төлем құралы ретінде карточкаларды қабылдау, банкоматтар мен POS-терминалдар арқылы қолма-қол ақшаны беру;
- чек кітапшаларын шығару, өткізу және тарату;
- банктік қызметтерді электронды (Интернет -банкинг, мобильді банкинг) қызмет көрсету арналары арқылы ұсыну;
- электронды ақшаны шығару, өткізу, сатып алу және төлеу, сондай-ақ электронды ақша арқылы жасалатын операциялар жөніндегі ақпараттарды жинау, өңдеу бойынша қызметтер ұсыну;
- кепіл мүлкін, соның ішінде банктік қарыз шарты бойынша кепіл мүлкін (өзге қамтамасыз ету) өндіру нәтижесінде Банк сатып алған кепіл мүлкін өткізу және (немесе) Қазақстан Республикасы заңдарымен бекітілген тәртіпте банктік қарыз шарты бойынша міндеттемелерді орындаудың орнына берілетін өтемді қабылдау;
- банктік және қаржы қызметіне байланысты мәселелер бойынша оқытуды ұйымдастыру және консультациялық қызметтер көрсету ;
- банктік қызметке және (немесе) бағалы қағаздар нарығындағы қызметке байланысты мәселелер бойынша басқа тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін білдіруді және қорғауды, оның ішінде облигацияларды ұстаушылардың өкілі қызметін орындауды жүзеге асыру;
- Қазақстан Республикасының ақпараттандыру туралы заңнамасы талаптарын сақтай отырып, Банктің клиенттеріне қатысты электрондық цифрлық қолтаңбаның ашық кілтінің электрондық цифрлық қолтаңбаның жабық кілтіне сәйкестігін куәландыру, сондай-ақ тіркеу куәлігінің анықтығын растау жөніндегі қызметті жүзеге асыру;
- Банк пен Қазақстан Республикасының резиденті болып табылатын сақтандыру ұйымдары арасында олардың атынан сақтандыру шарттарын жасасуға арналған тиісті шарт болған жағдайда, Қазақстан Республикасының резиденті болып табылатын сақтандыру ұйымдарының атынан сақтандыру шарттарын жасасу;
- банкаралық клиринг (төлемдерді жинау, салыстырып тексеру, сұрыптау және растау, сондай-ақ олар бойынша өзара есепке алуды жүргізу және клирингке қатысушылардың таза позицияларын айқындау) жүзеге асыру ;
- Қазақстан Республикасының төлемдер және төлем жүйелері туралы заңнамасына сәйкес төлем қызметтерін ұсыну;
- Банк пен көрсетілген ұйым арасында жасалған шарт негізінде Банктің технологиялық инфрақұрылымын банк болып табылмайтын басқа ұйымға ұсыну арқылы, сол ұйымның клиенттеріне банктік және өзге де операцияларға қолжетімділікті қамтамасыз ету жолымен банктік қызметті жүзеге асыру;
- Банк жүйелерін, бағдарламаларын және инфрақұрылымын пайдалана отырып, қызмет көрсету сервисін ұсыну, оның ішінде тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді қашықтан алу және төлеу мүмкіндігін қамтамасыз ету арқылы, төлем қолма-қол ақшасыз тәсілмен жүзеге асырылуы мүмкін болған жағдайда төлеуші мен тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді жеткізуші арасында делдалдық қызметті жүзеге асыру;
- фискалды деректер операторы қызметін жүзеге асыру;
- бақылау-кассалық машиналары үшін қолданылатын мамандандырылған бағдарламалық қамтамасыз етуді әзірлеу, жүзеге асыру, пайдалануға беру және қолдау;
- депоненттің атына орталық депозитарийде ашылған шотты (шоттарды) басқару жөніндегі қызметтер көрсету;
- Жалға алу (мүлікті жалдау) шартына сәйкес , өзіне тиесілі мүлікті еншілес ұйымдарға жалға беру;

 Евразийский Банк	ҚҒ	беті. 7 19
	ОПЕРАЦИЯЛАРДЫ ЖҮРГІЗУДІҢ ЖАЛПЫ ТАЛАПТАРЫ ЖӨНІНДЕГІ ҚАҒИДА	

– Банктің меншігіне өткен тұрғын үйді жалға алу (мүлікті жалдау) шарты негізінде, оның ішінде кейіннен сатып алу талабымен жалға беру.

16. Брокерлік, дилерлік және кастодиандық қызметтерді Банк Қазақстан Республикасы заңнамасына және Банктің ІНҚ сәйкес Қазақстан Республикасы уәкілетті органы берген лицензия негізінде жүзеге асырады.

17. Банк Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған жағдайлар мен тәртіп бойынша банктік қызметтер ұсыну үшін Қазақстан Республикасының уәкілетті органынан алдын ала келісім алуға міндетті.

18. Алынып тасталды.

3-тарау. Клиенттермен жұмыс істеу барысындағы жалпы ережелер

19. Банктік қызмет/өнім алу үшін клиент Банкке жүгінген кезде, Банк клиентке келесі ақпараттарды ұсынады:

- клиентте туындаған сұрақтар бойынша консультация беру;
- мөлшерлемелер мен тарифтер туралы;
- банктік қызмет/өнім көрсету туралы өтініш бойынша шешім қабылдау мерзімі жөнінде (қажет болған жағдайда берілген өтініш);
- банктік қызмет көрсету талаптары туралы және осындай қызмет көрсету туралы шарт жасауға қажетті құжаттар тізімі;
- банктік қызмет көрсету туралы шарт бойынша міндеттемелерді орындамаған жағдайда орын алатын клиенттің жауапкершілігі мен ықтимал тәуекелдері туралы;
- банктік қызмет көрсету туралы шарт жобасы (клиенттің сұратуы бойынша) және онымен танысуға берілетін уақыт;

20. Банк клиентті бұқаралық ақпарат құралдарына, соның ішінде Банктің интернет-ресурстарына тиісті хабарландырулар жариялау арқылы хабардар етеді;

– Өзіне көрсетілетін банктік қызмет бойынша даулы жағдайлар туындаған жағдайда Банкке, Қазақстан Республикасының уәкілетті органына, сотқа немесе Банк омбудсманына (ипотекалық қарыздар бойынша) жүгіну құқығы туралы;

– Банктің орналасқан жері, пошталық, электронды мекенжайлары және интернет - ресурстары, банктік омбудсман және Қазақстан Республикасы уәкілетті органы туралы.

21. Банктік операциялар (қызметтер) ұсыну/ұсынбау туралы шешім қабылдаудың ең ұзақ мерзімі клиенттен құжаттардың толық пакетін қабылдаған күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күні. Банктік қызмет (қарыз) көрсету барысында барынша күрделі және көлемді кредиттік жоба бойынша шешім қабылдаудың ең ұзақ мерзімі клиенттен құжаттардың толық пакетін қабылдаған күннен бастап 30 (отыз) жұмыс күні.

22. Банктік қызмет көрсету қағидасына сәйкес, Банк қарыз алушының сұратуы бойынша банктік қарыз шартына қызмет көрсету кезеңінде сұрату алынған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде клиентке жазбаша нысанда келесі мәліметтерді беруге міндетті:

- 1) қарыз алушының Банкке төлеген ақша сомасы;
- 2) кезекті төлем мөлшері мен мерзімі;
- 3) қарыз бойынша негізгі қарыз қалдығы;
- 4) мерзімі өткен берешектің мөлшері (бар болған жағдайда);
- 5) кредиттеу лимиті (бар болған жағдайда);

4-тарау. Клиенттердің өтініштерін қарау тәртібі

23. Банктік қызметтерді көрсету процесінде клиенттерден түскен өтініштерді Банк Банктік қызметтерді көрсету қағидасында және Банктің өзге ІНҚ-да белгіленген тәртіптер мен мерзімдер бойынша қарайды. Клиенттердің өтініштерін қабылдаудан бас тартуға жол берілмейді.

24. Клиенттердің өтініштерін Банк келесі түрлерге бөледі:

- ауызша, Банк телефон арқылы алған немесе клиент Банкке тікелей келген кезде айтылған өтініш (соның ішінде Банктің басшы қызметкеріне кіру);
- жазбаша, Банкке пошта, курьерлік ұйым, электронды пошта немесе интернет желісінде Банктің WEB-сайты арқылы жеткізілген өтініш;

 Евразийский Банк	ҚҒ	беті. 8 19
	ОПЕРАЦИЯЛАРДЫ ЖҮРГІЗУДІҢ ЖАЛПЫ ТАЛАПТАРЫ ЖӨНІНДЕГІ ҚАҒИДА	

25. Банк телефон арқылы алынған клиенттің ауызша өтінішін клиенттердің өтініштерін қарау тәртібін регламенттейтін Банктің ІНҚ -да белгіленген тәртібімен тіркеуге жатады.

Клиенттерді Банктің Басқарма Төрағасының немесе филиал директорларының тиісті бұйрығымен бекітілген қабылдау кестесіне сәйкес, Банктің бас офисі мен Банк филиалдарының осындай қабылдау түріне уәкілетті қызметкерлері қабылдайды.

26. Банк алған клиенттің жазбаша өтініші (соның ішінде интернет желісіндегі Банктің WEB-сайты арқылы алынған) клиенттердің өтініштерін қарау тәртібін регламенттейтін Банктің ІНҚ-да белгіленген тәртіппен тіркеуге жатады.

Қажеттілікке қарай (клиенттің өтініші бойынша) Банк жазбаша өтінішті алғанын растайды.

27. Мәселенің мәнін қамтымайтын өтініштерді Банк қараусыз қалдырады, ол туралы мүмкіндік болған жағдайда Өтініш берушіге тиісті хабарлама жіберіледі. Клиенттің сәйкестігін анықтау мүмкін болмайтын өтініштерді Банк қараусыз қалдырады, бұл туралы мүмкіндік болған жағдайда Өтініш берушіге тиісті хабарлама жіберіледі. Бірден құқық қорғау органдарына жіберуге жататын : дайындалып жатқан немесе жасалған қылмыстар туралы немесе мемлекетке, қоғамдық қауіпсіздікке қауіп төндіретін мәліметтері бар кез келген арызды Банк қарайды .

28. Банк клиенттің ауызша өтінішіне бірден жауап бере отырып, өтінішті қарайды.

Егер Банк клиенттің ауызша өтінішіне дереу жауап бере алмаған жағдайда, клиентке осы өтінішін Банк жазбаша өтініш ретінде қарауы үшін өтінішті жазбаша түрде баяндау ұсынылады. Бұл ретте Банк осы клиентке жазбаша өтініштерді қарау және оларға жауап беру рәсімдері мен мерзімдері туралы ақпарат береді.

29. Банк клиенттердің жазбаша өтініштерін өтініш түскен күннен бастап 3 (үш) күннен 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қарайды. Өтініштерді қарау және оған жауап беру мерзімі Қазақстан Республикасы заңнамасында басқа мерзім қарастырылмаса, өтініш тіркелген күннен бастап күнгізбелік 60 (алпыс) күнге ұзартылуы мүмкін.

Өтінішті қарау мерзімінің ұзартылғаны туралы хабарламаны Банк клиентке шартта не клиенттің өтінішінде көрсетілген тәсілмен жібереді.

30. Алынып тасталды

31. Клиенттің өтінішіне Банктің жазбаша беретін жауабының мазмұнына қойылатын талаптар Қазақстан Республикасының заңнамасында және Банктің ІНҚ-да белгіленген.

2-бөлім. ЕРЕКШЕ ЕРЕЖЕЛЕР

1-тарау. Банктік шоттарды ашу және жүргізу, салымдарды қабылдау жөніндегі жалпы талаптар

32. Банк келесі банктік шоттарды ашады және жүргізеді:

- заңды және жеке тұлғалардың ағымдағы шоттары;
- заңды және жеке тұлғалардың банктік салымдары;
- төлем карталарын қолдана отырып, клиенттердің ағымдағы шоттары;
- банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүзеге асыратын банктер мен ұйымдардың корреспонденттік шоттары;

–

33. Клиенттердің банктік шоттарын ашу, жүргізу және жабу тәртібі Банктің ІНҚ сәйкес жүзеге асырылады.

34. Клиенттерге ашылатын банктік шоттардың саны [Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға \(жылыстатуға\) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл мақсатында ішкі бақылау қағидаларына](#) сәйкес шектелуі мүмкін.

35. Клиенттердің салымдарын қабылдауды Банк Қазақстан Республикасы уәкілетті органы берген лицензия негізінде жүзеге асырады.

36. Банк "Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктеріне орналастырылған депозиттерге міндетті кепілдік беру туралы" Қазақстан Республикасы Заңының талаптарына сәйкес, жеке тұлғалардың (оның ішінде жеке кәсіпкерлердің, шаруа қожалықтарының, жеке сот орындаушыларының (бұдан әрі - ЖК, ШҚ, ЖСО) және өзге тұлғалардың) салымдарына міндетті ұжымдық кепілдік беру (сақтандыру) жүйесінің қатысушысы болып табылады.

37. Банк клиенттерден ұлттық және шетел валютасындағы ақшаны қолма-қол және қолма-қол ақшасыз нысанда қабылдайды және оларды «талап етілгенге дейінгі» салымдарға, мерзімді, шартты және жинақ салымдарына орналастырады

 Евразийский Банк	ҚҒ	беті. 9 19
	ОПЕРАЦИЯЛАРДЫ ЖҮРГІЗУДІҢ ЖАЛПЫ ТАЛАПТАРЫ ЖӨНІНДЕГІ ҚАҒИДА	

38. Сыйақы мөлшерлемелерінің көлемі салымның түріне және мерзіміне байланысты сараланады. Салымды сақтау мерзімі, сыйақы мөлшерлемесі, ЖТСМ, қосымша жарналарды қабылдау талаптары мен мүмкіндіктері, қаражатты ішінара алу және мерзімінен бұрын бұзу шарттары банктік салым/ шарт/қосылу шартының немесе банктік салымды (ағымдағы шотты) ашуға арналған өтініш-офертаның талаптарында айқындалады.

39. Банктік қызметтерді (операцияларды) көрсеткені үшін Банк клиенттерден Банктің тарифтері мен мөлшерлемелеріне сәйкес сыйақы (комиссиялық алым) алады. Аталған тарифтер мен мөлшерлемелерді Банк дербес белгілейді және Банктің тиісті уәкілетті органы бекітеді.

40. Салымдарды ашу жөніндегі негізгі талаптар:

- Банк қабылдайтын салымдардың минималды көлемі - 0 теңгеден/басқа валюта басталады;
 - салымдар орналастырудың минималды мерзімі - бір күннен басталады;
 - салымдардың талап етуге дейінгі көлемі мен мерзімдері белгіленбейді.
 - қабылданатын салымдардың максималды көлемі - Банктің тиісті уәкілетті органы шешімімен басқаша белгіленбесе, Банктің меншікті капиталынан 10% ;
 - салымды орналастырудың максималды мерзімі - 50 жыл;
 - салымдар бойынша сыйақы мөлшерлемесінің ең төменгі мөлшері жылдық 0% құрайды.
- Бұл ретте нақты, жылдық, тиімді, салыстырмалы есептеудегі сыйақы мөлшерлемесінің ең төменгі мөлшері де жылдық 0% пайызды құрайды.

– жеке тұлғалардың (оның ішінде ЖК, ШҚ, ЖСО және басқалар) ұлттық валютадағы салымдары бойынша жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесінің ең жоғарғы мөлшері жылдық 63,2 % құрайды, шетел валютасындағы салымдар және өзгермелі сыйақы мөлшерлемесімен ашылған салымдар бойынша жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесі "Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры" АҚ (бұдан әрі - Қор) валютадағы салымдар бойынша шекті жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесі бар салымдар бойынша ең жоғары спредтеріне сәйкес белгіленеді.

– заңды тұлғалардың салымдары бойынша сыйақы мөлшерлемесінің ең жоғарғы мөлшері жылдық 50% құрайды, бұл ретте нақты, жылдық, тиімді, салыстырмалы есептеудегі сыйақы мөлшерлемесінің ең жоғарғы мөлшері жылдық 63,2 % құрайды;

– заңды тұлғалардың ағымдағы шоттарындағы орташа айлық қалдықтарға есептелетін сыйақы мөлшерлемесінің ең жоғарғы мөлшері жылдық 50% құрайды, бұл ретте нақты, жылдық, тиімді, салыстырмалы есептеудегі сыйақы мөлшерлемесінің ең жоғарғы мөлшері жылдық 63,2 % құрайды;

– заңды тұлғалардың ағымдағы банктік шоттарындағы орташа айлық қалдықтарға есептелетін сыйақының ең төменгі мөлшермесі жылдық 0%-ды құрайды. Бұл ретте сыйақының жылдық тиімді, анық, жылдық және салыстырмалы есептеудегі ең төменгі мөлшермесі де жылдық 0%-ды құрайды.

– ағымдағы банктік шотта орналастырылған ақшаны пайдаланғаны үшін сыйақы төленбейді (2019 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі). Осы талап 2019 жылғы 1 қаңтарға дейін Банк пен клиенттер арасында туындаған және оған сәйкес Банк ағымдағы шотта орналастырылған ақшаны пайдаланғаны үшін сыйақы төлеу міндеттемесін өзіне қабылдаған құқықтық қатынастарға қолданылмайды.

41. Заңды тұлғалардың депозиттері және заңды тұлғалардың ағымдағы шоттарындағы орташа айлық қалдықтары бойынша сыйақы мөлшерлемелері Директорлар кеңесі бекіткен сыйақы мөлшерлемелері шегінде және Қағидада көзделген мөлшерлер аясында Банктің уәкілетті органы тарапынан бекітіледі.

Жеке тұлғалардың (оның ішінде, ЖК, ШҚ, ЖСО және т.б.) депозиттері бойынша сыйақы мөлшерлемелері, сондай-ақ өзгермелі сыйақы мөлшерлемесі қолданылатын депозиттер бойынша спредтер Банктің уәкілетті органдарының құзыреті шегінде мынадай тәртіппен бекітіледі:

- Ұлттық валютадағы депозиттер бойынша – Директорлар кеңесі бекіткен және Қағидаларда көзделген сыйақы мөлшерлемелері шегінде;

- Шетел валютасындағы депозиттер және өзгермелі сыйақы мөлшерлемесі қолданылатын депозиттер бойынша спредтер – Қор белгілеген мөлшерлер шегінде.

42. Валютасына қарамастан депозиттердің барлық түрлері бойынша тіркелген немесе өзгермелі сыйақы мөлшерлемесі белгіленеді. Банк депозит бойынша сыйақы мөлшерлемесін біржақты тәртіппен өзгертуге құқылы емес. Бұған депозит мерзімін ұзарту, банктік салым шартын/банк салымын ашуға арналған оферта-өтініш/қосылу шартында көзделген сыйақы

 Евразийский Банк	ҚҒ	беті. 10 19
	ОПЕРАЦИЯЛАРДЫ ЖҮРГІЗУДІҢ ЖАЛПЫ ТАЛАПТАРЫ ЖӨНІНДЕГІ ҚАҒИДА	

мөлшерлемесін ұлғайту жағдайлары, 1-1сондай-ақ өзгермелі сыйақы мөлшерлемесі белгіленген депозиттер бойынша жағдайлар кірмейді.

43. Банктің филиалдары депозиттік операцияларды Банк берген сенімхат негізінде және филиал мұндай операцияларды жүзеге асыруға дайын болған жағдайда жүргізеді.

44. Клиенттен салым қабылдау Банк пен клиент арасында жасалған банктік салым шарты/қосылу шартының немесе банк салымын ашуға арналған оферта-өтініштің негізінде жүзеге асырылады. Аталған құжаттарда салымды қабылдау, жүргізу және қайтару шарттарының барлығы көрсетіледі.

45. Салым бойынша операциялар Банк тарапынан мынадай негіздер бойынша жүзеге асырылады:

- салымшының тапсырмасы бойынша;
- Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес нотариалды куәландырылған сенімхат немесе нотариалды куәландырылған сенімхатқа теңестірілген негізде үшінші тұлғалардың талаптары бойынша;
- Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес акцепті талап етпейтін үшінші тұлғалардың талаптары бойынша.
- Қазақстан Республикасы заңнамасына және банктік салым шарттарының талаптарына қайшы келмейтін Банк өкімдері бойынша.

46. Салым бойынша сыйақы салым талаптарына сәйкес есептеледі. Егер шарт талаптарында өзгеше көзделмесе, сыйақыны есептеу кезінде Банк шартты түрде 30 күнтізбелік күнге тең айды және 360 күнтізбелік күнге тең жылды қолданады.

47. Банктік салым шартының қолданылу мерзімі ішінде шартты бұзу арқылы салым кез келген уақытта талап етілуі мүмкін. Мерзімді немесе шартты салымдар бойынша салымшы ақшаны мерзімінен бұрын қайтарып алған жағдайда, салым сомасы Банк тарапынан толық көлемде қайтарылады, ал депозит бойынша сыйақы, егер банктік салым шартында, банк салымын ашуға арналған оферта-өтініште немесе қосылу шартында өзгеше көзделмесе, талап етілгенге дейінгі салымдарға қолданылатын мөлшерлеме бойынша есептеледі және төленеді. Егер жинақтаушы салым белгіленген мерзім аяқталғанға дейін талап етілсе, салым бойынша сыйақы банктік салым шарты/оферта-өтініш бұзылған сәтте Банкте қолданыста болған «талап етілгенге дейінгі салым» бойынша мөлшерлеме негізінде төленеді. Банк салымдарды қабылдауды тоқтату туралы шешім қабылдаған жағдайда, салымның негізгі сомасы мен есептелген сыйақы салым талаптарына сәйкес төленеді.

Егер салымшы банктік салым шарты/қосылу шарты/банктік салым арналған оферта-өтініштің (ағымдағы шоттың) талаптарын орындамаса, Банк бұрын төленген сыйақыны салымның негізгі сомасын ұстап қалу арқылы қайтаруды талап етуге құқылы.

2-тарау. Қарыз операцияларын жүргізудің жалпы талаптары

Банктің қарыз операциялары [«Еуразиялық банк» АҚ-ның Кредиттік саясатына сәйкес](#) жүзеге асырылады.

Банк клиенттерге берілетін қарыздар бойынша мынадай шекті сомаларды белгілейді:

- берілетін қарыздың ең төменгі мөлшері – 7000 (жеті мың) теңге немесе шетел валютасындағы соған баламалы сома;
- төлем картасын пайдалану арқылы ұсынылатын қарыздар бойынша ең төменгі мөлшер шектелмейді;
- берілетін қарыздың ең жоғарғы мөлшері Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген шектеулерді ескере отырып, Банктің меншікті капиталының 25%-ынан аспауға тиіс.

Кредит мерзімдері ұсынылатын кредиттік өнімнің талаптарына байланысты Банктің ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес айқындалады.

1 (бір) жылға дейінгі мерзімге берілетін қарыздар қысқа мерзімді, ал 1 (бір) жылдан астам мерзімге берілетін қарыздар ұзақ мерзімді болып табылады. Бұл ретте Банкте кредиттерді берудің төмендегідей ең ұзақ мерзімдері белгіленеді:

- заңды тұлғаларға берілетін қарыздар бойынша – 20 жылдан аспайды;

¹⁻¹ "Еуразиялық банк" АҚ банктік және өзге де қызметтер ұсынудың стандартты талаптары (Қосылу шарты) .

 Евразийский Банк	ҚҒ	беті. 11 19
	ОПЕРАЦИЯЛАРДЫ ЖҮРГІЗУДІҢ ЖАЛПЫ ТАЛАПТАРЫ ЖӨНІНДЕГІ ҚАҒИДА	

- жеке тұлғаларға (тұтынушылық қарыздар бойынша) – 10 жылдан аспайды;
- ипотекалық қарыздар бойынша – 30 жылдан аспайды;
- Банк клиенттеріне берілетін қарыздардың ең қысқа мерзімі – күнтізбелік 1 күн.

53. Лизинг мерзімі негізгі құралдардың пайдалы қызмет ету мерзімінің 75%-ынан аспауға тиіс. Лизингтің ең ұзақ мерзімі – 7 жыл.

54. Кредиттік өнімдер бойынша сыйақы мөлшерлемелері сұратылған кредиттің тәуекел деңгейіне, қаржы нарығының жай-күйіне, кредиттік ресурстарға деген сұранысқа, трансферттік баға белгілеудің бекітілген мөлшерлемелерін ескере отырып, Банктің кредиттік операциялар бойынша қолайлы кірістілік деңгейіне байланысты, осы тарауда көзделген шекті сыйақы мөлшерлемелері аясында Банктің уәкілетті органдарының құзыреті шегінде белгіленеді.

Әрбір кредиттік өтінім бойынша сыйақы мөлшерлемесі кредиттің тәуекелге байланысты шешім қабылдау өкілеттігінің лимиттері жөніндегі регламентке сәйкес жеке тәртіппен белгіленеді.

55. Төлем кредиттік карталары бойынша шекті сыйақы мөлшерлемелері Қағидалардың №1 қосымшасында белгіленген.

56. Банкте берілетін қарыздар бойынша сыйақы мөлшерлемелерінің мынадай ең төменгі мөлшерлері белгіленеді:

- заңды тұлғаларға берілетін қарыздар бойынша – сыйақы мөлшерлемесі жылдық 5 %-дан бастап, жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесі - жылдық 5 %;
- жеке тұлғаларға берілетін қарыздар бойынша – негізгі берешек қалдығына жылдық 0%-дан бастап, жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесі – негізгі берешек қалдығына жылдық 0,01%;
- ақшалай қамтамасыз ету қабылданған кезде клиенттерге берілетін қарыздар бойынша Банктің маржасы – жылдық 0%-дан , жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесі - жылдық 0% бастап белгіленеді;
- банкаралық қарыздар (банкаралық қаржыландыру) бойынша – кредиттік өнім/ құрал және банктік қарыз шарты/келісімнің талаптарына қарай Банктің уәкілетті органы/Басқарма немесе Директорлар кеңесінің шешімі бойынша;
- кепілдіктер бойынша – кепілдік және оны қамтамасыз ету түріне қарай Директорлар кеңесі бекіткен кепілдіктер бойынша мөлшерлемелер мен тарифтерге сәйкес;
- банкаралық кепілдіктер, банкаралық кепілгерліктер және өзге де банкаралық операциялар бойынша- өнімнің (құралдың) талаптарына қарай Банктің уәкілетті органы/ Басқарма немесе Директорлар кеңесінің шешімімен;
- Банк орындаған аккредитивтер бойынша – кредиттік операциялар бойынша сыйақы мөлшерлемесінен төмен емес;
- Лизингтік операциялар бойынша – сыйақы мөлшерлемесі жылдық 16%-дан , жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесі – жылдық 16% бастап.

57. Қазақстан Республикасының уәкілетті органы белгіленген шектеулерді ескере отырып, Банкте берілетін қарыздар бойынша сыйақы мөлшерлемелерінің мынадай ең жоғары мөлшерлері белгіленеді:

- кепілсіз банктік қарыздар бойынша – жылдық 46%-ға дейін;
- кепілмен қамтамасыз етілген банктік қарыздар бойынша – жылдық 35%-ға дейін;
- ипотекалық тұрғын үй қарыздары бойынша – жылдық 25%-ға дейін;
- ақшалай қамтамасыз ету қабылданған кезде жеке тұлғаларға берілетін қарыздар бойынша Банктің маржасы – Қазақстан Республикасының уәкілетті органы белгілеген шектеулерді ескере отырып, жылдық 10%-ға дейін;
- ақшалай қамтамасыз ету қабылданған кезде заңды тұлғаларға берілетін қарыздар бойынша Банктің маржасы – жылдық 10%-ға дейін.

58. Жеке тұлғаларға берілетін қарыздар бойынша сыйақы мөлшерлемесі тіркелген немесе өзгермелі болуы мүмкін.

Өзгермелі сыйақы мөлшерлемесін есептеу тәртібі және оны қолдану шарттары³ Қазақстан Республикасы уәкілетті органының құқықтық нормативтік актісімен айқындалады.

³Қазақстан Республикасы Ұлттық Банк басқармасының 2017 жылғы 30 маусымдағы №119 қаулысымен бекітілген өзгермелі сыйақы мөлшерлемесін есептеу қағидасы және оны қолдану шарттары.

 Евразийский Банк	ҚҒ	беті. 12 19
	ОПЕРАЦИЯЛАРДЫ ЖҮРГІЗУДІҢ ЖАЛПЫ ТАЛАПТАРЫ ЖӨНІНДЕГІ ҚАҒИДА	

59. Банк заңды тұлғалармен жасалған банктік қарыз шарты жасалған күні белгіленген сыйақы мөлшерлемесін мынадай жағдайларда біржақты тәртіппен ұлғайтуға құқығы бар:

- қарыз алушы банк қарызын алу және оған қызмет көрсетуге байланысты дұрыс әрі толық ақпарат беру жөніндегі міндеттемелерін банктік қарыз шартында/келісімде көзделген жағдайларда бұзған кезде;
- Қазақстан Республикасының заңнамасында және банктік қарыз шарты/Келісімде көзделген жағдайларда Банктің міндеттемені мерзімінен бұрын орындауды талап ету құқығы туындаған жағдайда;
- анкті алдын ала жазбаша хабардар етпей, жиынтығында акционерлік қоғам (шаруашылық серіктестік) акцияларының (қатысу үлестерінің) он және одан да көп пайызын иеленетін қарыз алушы қатысушыларының (акционерлерінің) құрамын өзгерту туралы;
- қарыз алушы және (немесе) кепіл беруші Банктің кепіл ұстаушы ретінде кепілге қойылған мүліктің нақты бар-жоғын, мөлшерін, жай-күйін және сақтау шарттарын құжаттар бойынша әрі іс жүзінде тексеру құқығын, сондай-ақ үшінші тұлғалардың қарыз алушының (кепіл берушінің) мүлкіне, оның ішінде Банкке кепілге қойылған мүлікке қатысты талаптар қою фактісін тексеру құқығын бұзған кезде.

60. Жеке тұлғаларға, оның ішінде, ипотекалық қарыздар бойынша берілетін қарыздар үшін тіркелген жылдық сыйақы мөлшерлемесі тараптардың келісімі бойынша мынандай жағдайларда өзгертілуі мүмкін:

- шарттың қолданылу мерзімі ішінде өзгермелі сыйақы мөлшерлемесіне;
- шартта айқындалған оның қолданылу мерзімі өткеннен кейін, бірақ банктік қарыз шарты/келісім жасалған күннен бастап үш жылдан ерте емес мерзімде ұлғайту жағына қарай. Тіркелген сыйақы мөлшерлемесін ұлғайту жағына қарай әрбір кейінгі өзгерту тараптардың келісімі бойынша тіркелген сыйақы мөлшерлемесінің қолданылу мерзімі өткеннен кейін, бірақ тіркелген сыйақы мөлшерлемесі соңғы рет өзгертілген күннен бастап үш жылдан ерте емес мерзімде жүзеге асырылуы мүмкін.

Тіркелген сыйақы мөлшерлемесі біржақты тәртіппен өзгертілуге жатпайды, Қазақстан Республикасының, "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" Заңында белгіленген тәртіппен Банк оны азайту жағына қарай өзгерткен немесе уақытша төмендеткен жағдайларды қоспағанда. Сыйақы мөлшерлемесін уақытша төмендету деп Банктің сыйақы мөлшерлемесінің мөлшерін белгілі бір мерзімге төмендетуі түсініледі, ол мерзім аяқталғаннан кейін сыйақы мөлшерлемесі уақытша төмендетілгенге дейін қолданылған сыйақы мөлшерлемесінің мөлшерінен аспайтын мөлшерде белгіленеді.

61. Банк банктік қарыз шарты бойынша міндеттемені орындау мерзімі өткен жағдайда, бірақ мұндай мерзімі өткен күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күннен кешіктірмей, банктік қарыз шартында көзделген тәсілмен клиентті банктік қарыз шарты бойынша төлемдерді енгізу қажеттілігі және клиенттің өз міндеттемелерін орындамауының салдары туралы хабардар етіледі. Банктік қарыз шарты бойынша берешекті өндіру туралы хабарламада клиент үшін банктік қарыз шарты бойынша берешектің мөлшері туралы қысқаша ақпарат (негізгі борыштың, сыйақының, комиссиялардың, тұрақсыздық айыбының және өзге де айыппұл санкцияларының, сондай-ақ төленуге жататын басқа да сомалардың мөлшерін көрсете отырып) қамтылады. Осы тармақта көрсетілген хабарламадан туындайтын талаптар қанағаттандырылмаған жағдайда, Банк клиентке Банктер туралы заңның 36-бабында көзделген шараларды қолданады. Қарыз алушыны хабардар ету үшін Банк коллекторлық егенттіктердің тізіліміне енгізілген коммерциялық ұйым болып табылатын заңды тұлғаны (коллекторлық агенттік) тартуға құқығы бар.

62. Бұрын берілген қарыздар және өзге де кредиттік құралдар (кепілдіктер, аккредитивтер) бойынша сыйақы мөлшерлемелерін өзгерту кредиттік өнімнің/құралдың және банктік қарыз шартының/келісімнің талаптарына сүйене отырып, Банктің уәкілетті органының/Басқармасының немесе Директорлар кеңесінің шешімі бойынша жүзеге асырылуы мүмкін.

63. Қарыз алушының кредиттік досьесін қалыптастыруға қажетті құжаттардың тізбесі Банктің кредиттік қызметін регламенттейтін Банктің ішкі нормативтік құжаттарында айқындалған.

64. Банктік қарыз шартында/ келісімде Қазақстан Республикасы уәкілетті органының нормативтік құқықтық актілерінің талаптарына сәйкес есептелген жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесі көрсетіледі.

65. Қарыз бойынша сыйақыны төлеу тәртібі мен мерзімдері қарыздың талаптарына сәйкес банктік қарыз шарты/келісімімен айқындалады. Жеке тұлғалар үшін банктік қарыз шартында/келісімде

 Евразийский Банк	ҚҒ	беті. 13 19
	ОПЕРАЦИЯЛАРДЫ ЖҮРГІЗУДІҢ ЖАЛПЫ ТАЛАПТАРЫ ЖӨНІНДЕГІ ҚАҒИДА	

қарыз алушының таңдауы бойынша қарызды өтеу әдісі көрсетіледі, өтеу әдісін таңдау үшін оған банктік қарыз шарты/келісімі жасалғанға дейін дифференциалды және/немесе аннуитеттік төлем әдістерімен есептелген қарызды өтеу кестелерінің жобалары ұсынылады.

66. Кәсіпкерлік қызметпен байланысты емес жеке тұлғамен банктік қарыз шартын жасасқанға дейін Банк жеке тұлғаға қарыз бойынша жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесін есептеу кезінде ескерілетін комиссиялар мен өзге де төлемдер көзделмеген кредит беру талаптарын, сондай-ақ уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленген тәртіпке сәйкес қарыз бойынша жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесін есептеу кезінде ескерілетін комиссиялар мен өзге де төлемдерден бөлек, Банкке сыйақы мөлшерлемесінен тыс қарыз беру және оған қызмет көрсетуге байланысты комиссиялар мен өзге де төлемдерді алуға құқық берілетін кредит беру талаптарын таңдау үшін ұсынуға міндетті.

Банк банктік қарыз шарты/келісімдерінде қарызды беру және оған қызмет көрсетуге байланысты алынуға жататын комиссиялар мен өзге де төлемдердің толық тізбесін, сондай-ақ олардың мөлшерін көрсетуге міндетті және жасалған шарт/келісім шеңберінде Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделмеген жаңа комиссиялар мен өзге де төлем түрлерін біржақты тәртіппен енгізуге құқығы жоқ.

67. Банк банктік қарыз шарты/келісім талаптарын қарыз алушы үшін оның жақсартылу жағдайларын есепке алмағанда, біржақты тәртіппен өзгертуге құқығы жоқ.

Осы тармақтың мақсаттары үшін қарыз алушыға арналған банктік қарыз шарты/келісімнің талаптарын жақсарту деп мыналар түсініледі:

- банктік қарызға / келісімге қызмет көрсетуге байланысты қызметтер көрсеткені үшін комиссиялар мен өзге де төлемдерді азайту жағына қарай өзгерту немесе толық жою;
- тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) азайту жағына қарай өзгерту немесе толық жою;
- банктік қарыз шарты/келісім бойынша сыйақы мөлшерлемесін азайту жағына қарай өзгерту;
- банктік қарыз шарты/келісім бойынша төлемдерді кейінге қалдыру және(немесе) бөліп төлеу.

Банктік қарыз шартында/келісімде қарыз алушы үшін жақсарту талаптарының қосымша тізімі қарастырылған. Банк жақсарту талаптарын қолданған жағдайда банктік қарыз шарты/келісім талаптарының өзгергені туралы қарыз алушыны банктік қарыз шарты/келісімде қарастырылған тәртіппен хабардар етеді. Қарыз алушы хабарлама алған күннен бастап он төрт күн ішінде банктік қарыз шарты/келісімде қарастырылған тәртіппен банк ұсынған жақсарту талаптарынан бас тарта алады. Қарыз алушы келіскен жағдайда Шартта өзгеше көзделмесе банктік қарыз шартының/келісімнің қосымша келісімі жасалады.

68. Банктер туралы Заңға сәйкес, Банкке клиентпен жасалған, теңгемен берілген банктік қарыз шарты бойынша клиенттің міндеттемелері мен төлемдерін кез келген валюталық баламаға байланыстыра отырып, индексстеуге тыйым салынады.

69. Банк қарыз алған күннен бастап 14 күн ішінде қарызды мерзімінен бұрын өтегені үшін және төменде берілген мерзімдер өткеннен кейін тұрақсыздық айыбын/комиссия немесе айыппұл санкцияларының өзге түрлерін ұстауға құқығы жоқ;

- 1 (бір) жылға дейін берілген қарызды алған күннен бастап 6 (алты) айда;
- 1 (бір) жылдан аса мерзімге берілген қарызды алған күннен бастап 1 (бір) жыл;

77. Кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға байланысты емес, тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатып алу үшін қарыз алған жеке тұлға, егер банктік қарыз шартының/келісімнің талаптарында өзгеше көзделмесе, банктік қарыз шарты/келісім жасалған күннен бастап күнтізбелік (он төрт) күн ішінде Банктен қарыз берілген күннен бастап есептелген сыйақыны төлей отырып, қарызды тұрақсыздық айыбы (айыппұлды, өсімпұлды) және қарызды мерзімінен бұрын қайтарғаны үшін өзге де айыппұл санкцияларын төлемей қайтаруға құқығы бар.

71. Банк беретін қарыздарды қайтару және олар бойынша сыйақыны төлеу жөніндегі міндеттемелердің орындалуын Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексында айқындалған тәртіппен қарыз алушының немесе үшінші тұлғалардың (бұдан әрі - кепіл берушілер) мүлкін (активтерін) кепілге беру арқылы қамтамасыз етілуі мүмкін, оның ішінде:

- кепіл берушілердің банкте ашқан жинақ шоттарына салынған салымдары (депозиттері);
- жылжитын мүліктер (көлік құралы, өтімді тауарлық өнім, құймалардағы тазартылған бағалы металдар, бағалы металдардан жасалған монеталар, Қазақстан Республикасының заңнамасымен бекітілген бағалы қағаздар және өзге мүліктер);

 Евразийский Банк	ҚҒ	беті. 14 19
	ОПЕРАЦИЯЛАРДЫ ЖҮРГІЗУДІҢ ЖАЛПЫ ТАЛАПТАРЫ ЖӨНІНДЕГІ ҚАҒИДА	

– жылжымайтын мүліктер (жер телімдері, сондай-ақ ғимараттар, құрылыстар және өзге мүліктер);

- жоғары сенімділік рейтингісі бар Банктің, заңды немесе жеке тұлғаның кепілдіктері;
- жеке тұлғаның кепілгерлігі.

Қарыз алушының міндеттемелерінің орындалуын қаматамасыз ететін мүлік кепілдігіне Банк тарапынан қойылатын талаптар:

– Банкке ұсынылатын кепіл мүлкі кепіл берушінің меншігі болуы керек. Бұл ретте Банкке кепілге ұсынылатын мүлікке кепіл берушінің меншік құқығын растайтын құжаттар, сондай-ақ тіркеуші органның кепіл нысанасының қандай да бір ауыртпалықтардан, үшінші тұлғалардың талаптарынан бос екендігін және оған тыйым салынбағанын растайтын жазбаша растауы ұсынылады;

– кепіл мүлкі өтімді болуы тиіс. Қажет болған жағдайда Банк кепіл берушіден кепіл мүлкінің нақты құны туралы аудиторлық қортынды немесе тәуелсіз бағалаушылардың осы мүлікке бағалау жүргізуін талап етуге құқығы бар.

– Банктің талап етуі бойынша кепіл берушінің кепілге қабылданатын мүлкін қарыз алушы/кепіл беруші сақтандыруы тиіс (егер кепіл шартының қолданылу мерзімі ішінде кепілге қойылған мүліктің бүліну немесе жоғалу қаупі болған жағдайда). Мүлікті сақтандыру қажеттілігін кредит өнімін ұсыну талаптары және Банктің уәкілетті органының шешімі бойынша анықталады.

73. Банк беретін қарыздар бойынша қамтамасыз ету ретінде кепілге қабылданатын мүліктің түрлері мен тізбесі Банктің Кепіл саясатына сәйкес айқындалады.

74. Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" заңына сәйкес, кепіл беруші/қарыз алушы сақтандыру ұйымын және (немесе) бағалаушыны өз қалауы бойынша таңдауға құқығы бар.

75. Банк мынандай жағдайларда жасалған банктік қарыз шарты (шарттар)/келісім шеңберінде жаңа қарыздар беруді біржақты тәртіппен тоқтата тұруға құқығы бар:

1) банктік қарыз шартының/келісімнің талаптарына сәйкес Банк жаңа қарыздар бермеуге құқық туындаған жағдайда;

2) қарыз алушының банктік қарыз шарты/келісім бойынша Банк алдындағы міндеттемелерін бұзған жағдайда;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасы талаптарына сәйкес Банк жүргізетін мониторинг нәтижелері бойынша анықталған қарыз алушының қаржылық жағдайы нашарлаған жағдайда;

4) Қазақстан Республикасы заңнамасының банктік қарыз шартының/келісімнің талаптарын Банктің тиісінше орындауына әсер ететін талаптары өзгерген жағдайда.

76. Банктік қарыз шарты/келісім, лизинг, факторинг, форфейтинг шарттарын жасау, вексельдерді есепке алу, кепілдіктер мен кепілгерліктер беру, аккредитивтер ашу кезінде қарыз алушының/қоса қарыз алушының/клиенттің/кепілдік берушінің/кепілгердің өзі туралы және жасалатын мәміле туралы мәліметтерді, сондай-ақ тараптардың өз міндеттемелерін орындауына байланысты ақпаратты кредиттік бюроға ұсынуға және кредиттік бюроның Банкке өзі туралы кредиттік есепті ұсынуына жазбаша келісімінің болуы міндетті шарт болып табылады. Сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына және Банктің ІНҚ сәйкес дербес деректерді жинауға және өңдеуге келісім берілуі міндетті.

3-тарау. Банк және оның клиенттерінің құқықтары мен міндеттері, олардың өзара жауапкершіліктері

77. Банктің және оның клиенттерінің құқықтары мен міндеттері, бір-бірінің алдындағы жауапкершіліктері Қазақстан Республикасы заңнамасымен және шарттармен (тараптардың келісімі) айқындалады.

78. Шарттарды (тараптардың келісімі) орындауға байланысты туындайтын даулар мен келіспеушіліктер келіссөздер жүргізу арқылы шешіледі, ал тараптар арасында өзара келісімге қол жеткізілмеген жағдайда - Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген сот тәртібімен шешіледі.

79. Банк Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес банктік құпияға жататын ақпараттарды жария етпеу жөніндегі талаптардың сақталуына кепілдік береді.

80. Банкке клиенттен өтініш түскен жағдайда, Банк түскен өтінішті банктік қызметтер көрсету қағидаларына сәйкес қабылдауға және қарауға міндетті.

81. Банк және оның клиенттері шарт талаптарын сақтауға, шарт (тараптардың келісімі) талаптары бойынша оларға жүктелген міндеттерді атқаруға міндетті.

 Евразийский Банк	ҚҒ	беті. 15 19
	ОПЕРАЦИЯЛАРДЫ ЖҮРГІЗУДІҢ ЖАЛПЫ ТАЛАПТАРЫ ЖӨНІНДЕГІ ҚАҒИДА	

82. Банк және оның клиенттері шартта (тараптардың келісімдері) қарастырылған міндеттерді орындамағандары немесе тиісінше орындамағандары үшін Қазақстан Республикасы заңнамасына және тиісті шарттардың (тараптардың келісімі) талаптарына сәйкес жауапты болады.

83. Шартта тараптардың жауапкершілігін шектейтін немесе алып тастайтын талаптар қарастырылуы мүмкін, мысалы, шарт (тараптардың келісімі) тараптарына тәуелсіз еңсерілмейтін күш жағдайларының (форс-мажор) орын алуы.

84. Төлемдер мен ақша аударымдары тиісті түрде жүзеге асырылмаған жағдайда Банк Қазақстан Республикасы заңнамасына және клиенттермен жасалған шарттардың (тараптардың келісімі) талаптарына сәйкес жауапты болады.

85. Алынып тасталды.

86. Банк клиенттің төлем құжаттарын қателесіп рәсімдеуінен туындайтын клиент ақшасының кешігіп немесе қате есептен шығарылуы/ есептелуі, сондай-ақ есеп айырысу құжаттарын белгіленген мерзімдерден тыс ауыстыру және/немесе өңдеуді кешіктіру сияқты салдарларына жауап бермейді.

87. Банк клиенттен телкоммуникациялық, пошталық, сонымен қатар жүргізілетін операциялар мен қызметтер бойынша басқа да нақты шығындарды ұстайды.

88. Банк қызметтерді/операцияларды жүргізу барысында Банк көтерген комиссиялар мен қосымша шығындарды клиенттің шотынан акцептсіз тәртіппен және клиенттің қосымша тапсырмасынсыз ұстауға құқығы бар.

4-тарау. Банк қызметтеріне (операцияларына) арналған мөлшерлемелер мен тарифтер

89. Банктік қызметтерді/операцияларды жүргізуге арналған мөлшерлемелер мен тарифтердің шекті шамаларын Директорлар кеңесі бекітеді. Оларды өзгерту Директорлар кеңесінің құзыретіне кіреді және Банктің басқа органдарына тапсырылмайды.

90. Банктік қызметтерді/операцияларды көрсетуге арналған базалық (стандартты) тарифтер мен мөлшерлемелер, оның ішінде Банкпен ерекше қатынастар арқылы байланысты тұлғалар үшін, осы Қағидада белгіленген тарифтердің/мөлшерлемелердің шекті (ең төменгі және ең жоғарғы) мөлшерлері шегінде Банктің уәкілетті органдарының өз құзыреті шегінде қабылданған шешімдерімен бекітіледі және оларды қайта қарау қажеттілігі туындаған сайын қайта қаралады.

Банктік қызметтерді/операцияларды көрсетуге арналған жеке тарифтер мен мөлшерлемелер, Қағиданың 92- тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, Банктің уәкілетті органдарының өз құзыреті шегінде, Қағидаларда белгіленген мөлшерлемелер мен тарифтердің шекті мөлшерлері аясында мынандай тұлғалар үшін бекітіледі:

- Банкпен ерекше қатынастар арқылы байланысты емес тұлғалар;
- Банкпен ерекше қатынастар арқылы байланысты тұлғалар үшін, егер көрсетілген қызметтер үлгілік талаптар бойынша ұсынылса, оның ішінде, бірақ олармен шектелмей: Банктің Директорлар кеңесі бекіткен шарттардың үлгілік нысандары, ҚР-ның банктер туралы Заңының 50-бабының талаптары ескеріле отырып, Банктің уәкілетті органдарының шешімдері (егер ұқсас талаптар Банкпен ерекше қатынастар арқылы байланысты емес кемінде 2 клиентке ұсынылған болса).

92 . Банкпен ерекше қатынастар арқылы байланысты тұлғалар үшін банктік қызметтерді/операцияларды көрсетуге арналған жеке тарифтер мен мөлшерлемелер ҚР-ның Банктер туралы Заңы 50-бабының талаптары ескеріле отырып, (егер ұқсас талаптар Банкпен ерекше қатынастар арқылы байланысты емес кемінде 2 клиентке ұсынылған болса), Қағидаларда белгіленген мөлшерлемелер мен тарифтердің шекті шамалары шеңберінде Банктің Директорлар кеңесінің шешімімен келесілер бойынша бекітіледі:

- заңды тұлғалардың және жеке кәсіпкерлердің банктік салымдары, қарыз, лизингтік, факторингтік операциялары, кепілдік, кепілгерлік, аккредитивтер беру бойынша операциялар;
- өзге де банктік қызметтер/операциялар бойынша - егер көрсетілетін қызметтер Банктің Директорлар кеңесі және Банктің уәкілетті органдары бекіткен үлгілік шарттар мен шешімдерді қолданбай, яғни үлгілік талаптардан тыс шарттарда қолданған жағдайда.

93. Қағидада белгіленген мөлшерлемелер мен тарифтердің шекті шамаларынан тыс банктік қызметтер /операциялар жүргізуге арналған жеке тарифтер мен мөлшерлемелерді Банктің Директорлар кеңесі бекітеді.

94. Банктік қызметтерді/ операцияларды жүргізуге арналған мөлшерлемелер мен тарифтердің шекті шамалары , сондай-ақ депозиттер мен кредиттердің Директорлар Кеңесі, Банктің Уәкілетті органдары бекіткен сыйақы мөлшерлемелерінің шекті шамалары шеңберінде олардың құзыреті

 Евразийский Банк	ҚҒ	беті. 16 19
	ОПЕРАЦИЯЛАРДЫ ЖҮРГІЗУДІҢ ЖАЛПЫ ТАЛАПТАРЫ ЖӨНІНДЕГІ ҚАҒИДА	

шегінде жекелеген клиенттерге (клиенттер санатына) немесе жекелеген өнімдер бойынша жеке тарифтер белгіленуі мүмкін.

95. Сонымен қатар Банкпен ерекше байланыстағы тұлғаларға жеңілдікті мөлшерлемелер мен тарифтер ұсынуға тыйым салынады.

96. Егер клиент Банкпен ерекше қатынастар арқылы байланысты тұлға болса, Банк Қазақстан Республикасының "Банктер және банк қызметі туралы" Заңның 50-бабының талаптарын ескере отырып (егер осындай талаптар Банкпен ерекше қатынастар арқылы байланыста емес кемінде 2 (екі) клиентке ұсынылған болса), Қағидада бекітілген банктік қызметтерді/операцияларды жүргізуге арналған тарифтер мен мөлшерлемелердің шекті шамалары шеңберінде жеке талаптар ұсыну мүмкіндігін анықтайды.

97. Банктің жауапты бөлімшесі жеке мөлшерлемелер мен тарифтерді Банктің уәкілетті органының қарауына жіберген кезде клиенттің Банкпен ерекше қатынас арқылы байланысын тексеруге және байланыс анықталған жағдайда жеңілдікті шарттардың ұсынылуына жол бермеуге және бақылауға алуға жауапты болады.

98. Алынып тасталды.

99. Мөлшерлемелер мен тарифтер туралы маңызды ақпараттар қолданыстағы мөлшерлемелер мен тарифтерді бекіту және оларға өзгерістер енгізу күндері, ішкі құжаттардың нөмірлері және оларды бекіткен (қабылдаған) орган туралы мәліметтерді көрсете отырып, филиалдарда (олардың үй-жайларында) көруге және танысуға қолжетімді жерлерге, сол сияқты Интернет желісіндегі Банктің WEB-сайтына орналастырылады.

Қазақ тіліндегі және орыс тіліндегі мәтіндері арасында сәйкессіздіктер орын алған жағдайда Банк және Клиент орыс тіліндегі мәтінде басшылыққа алады.

100. Қазақстан Республикасының заңнамасында және/немесе Банктің уәкілетті органының шешімінде және/немесе Банк пен Клиент арасында жасалған тиісті шартта өзгеше көзделмесе, Банк банктік қызметтерге арналған стандартты тарифтерге енгізілетін өзгерістер және /немесе толықтырулар туралы клиенттерді олар қолданысқа енгізілетін күнге дейін кемінде күнтізбелік 7 (жеті) күн бұрын Банктің Интернет желісіндегі WEB-сайтында тиісті хабарламаны орналастыру арқылы хабардар етеді.

Сонымен қатар клиенттің Банк ұсынатын банктік қызметтерден бас тартуға құқығы бар.

101. Банктік қызметтер/операциялар жүргізуге арналған мөлшерлемелер мен тарифтердің шекті шамалары Қағиданың №1 қосымшасында белгіленген.

5-тарау. Банкпен ерекше қатынастар арқылы байланысты тұлғалармен жасалатын мәмілелер

102. Банк өз қызметін жүзеге асыру барысында клиенттің Банкпен ерекше қатынастар арқылы байланысын Банктер туралы заңда, сондай-ақ Қазақстан Республикасы уәкілетті органының нормативтік құқықтық актілерінде айқындалған белгілерге сәйкестігі бойынша тексереді.

Заңды және жеке тұлғалар ҚР уәкілетті органының дәлелді пайымдауы негізінде банкпен ерекше қатынастар арқылы байланысты тұлға ретінде танылуы мүмкін.

Банкпен ерекше қатынас арқылы байланысты тұлғалармен мәміле жасау Банктер туралы заң талаптарын ескере отырып және мұндай мәмілелердің үлгілік талаптарын Банктің Директорлар Кеңесі бекіткен және үшінші тұлғалармен ұқсас мәмілелерге қолданылатын жағдайларды қоспағанда, оның барлық шарттарын қарау кезінде тек Банктің Директорлар кеңесінің шешімімен ғана жүзеге асырылады.

103. Банкпен ерекше қатынастар арқылы байланысты тұлғалармен мәмілелер жасау барысында Банктер туралы заңға сәйкес жеңілдікті шарттар ұсынуға тыйым салынады.

Банкпен ерекше қатынастар арқылы байланысты тұлғаларға жеңілдікті талаптарды ұсыну дегеніміз, өзінің сипаты, мақсаты, ерекшеліктері және тәуекелі тұрғысынан Банкпен ерекше қатынастар арқылы байланысты емес тұлғалармен банк жасамайтын мәмілені Банкпен ерекше қатынастар арқылы байланысты тұлғалармен немесе оның мүддесіне жасау болып табылады.

Банк ҚР Банктер туралы заңында және Қазақстан Республикасы уәкілетті органының нормативтік құқықтық актілерінде айқындалған белгілерге сәйкес мәмілелердің/операциялардың талаптарына жеңілдіктің бар-жоғын тексереді.

103-1. Банктің қарыз беру туралы шешім қабылдаған күні бойынша ҚР уәкілетті органының нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген мөлшерден аспайтын көлемде берілетін банктік

 Евразийский Банк	ҚҒ	беті. 17 19
	ОПЕРАЦИЯЛАРДЫ ЖҮРГІЗУДІҢ ЖАЛПЫ ТАЛАПТАРЫ ЖӨНІНДЕГІ ҚАҒИДА	

қарыздарды қоспағанда, Директорлар кеңесінің мүшелеріне және Банктің ірі қатысушыларына қарыз беруге тыйым салынады.

104. Банкпен ерекше қатынастар арқылы байланысты тұлғаларға қамтамасыз етілуісіз қарыз (бланктік қарыздар) беруге тыйым салынады, бұл ретте Банк қарыз беру туралы шешім қабылдаған күн бойынша ҚР уәкілетті органдарының нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген мөлшерден аспайтын көлемдегі қарыздар, сондай-ақ банктік конгломерат қатысушысы болып табылмайтын тұлғаларға берілетін қарыздар есепке алынбайды.

105. Қазақстан Республикасы уәкілетті органының нормативтік құқықтық актісінде белгіленген мөлшерден асатын қарыздар бойынша Банкпен ерекше қатынастар арқылы байланысты кредитордан қарыз алушының қарызын қайта қаржыландыруға тыйым салынады.

106. Банк қандай да бір тұлғамен мәміле жасау туралы шешім қабылдаған күнгі Қазақстан Республикасы уәкілетті органының нормативтік құқықтық актісінде белгіленген мөлшерден асатын құны бар (заңды тұлғалардың жарғылық капиталындағы акциялар мен қатысу үлестерін сатып алу жөніндегі, құны Банктің мәміле жасау туралы шешім қабылдаған күнгі меншікті капиталының 10(он) % -нан асатын мәмілені қоспағанда) және төменде берілген салдарға әкеліп соғатын мәмілені жасай алмайды:

- Банкпен ерекше қатынастар арқылы байланысты тұлға алдындағы міндеттемелерді төлеу;
- Банкпен ерекше қатынастар арқылы байланысты тұлғалардан қандай да бір мүлікті сатып алу;
- Банктің меншігіндегі бағалы қағаздарды қоспағанда, Банкпен ерекше қатынастармен байланысты тұлға шығарған бағалы қағаздарды сатып алу.

3-бөлім. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

107. Қағида талаптарын, соның ішінде Іс-шара жоспарлары (Қағиданың №3 қосымшасы) талаптарын орындамау/тиісті түрде орындамау жауапкершілігі Қағидамен регламенттелетін процестерге қатысушы құрылымдық бөлімшелердің басшыларына жүктеледі.

108. Қағидамен реттелмеген мәселелер Қазақстан Республикасының заңнамасына және Банктің ІНҚ сәйкес шешілуге жатады.

109. Клиенттерге қызмет көрсету барысында Банк қызметкері Қазақстан Республикасы заңнамасын, Банктің Қағидалары мен ішкі нормативтік құжаттарын басшылыққа алуға міндетті.

 Евразийский Банк	ҚҒ	беті. 18 19
	ОПЕРАЦИЯЛАРДЫ ЖҮРГІЗУДІҢ ЖАЛПЫ ТАЛАПТАРЫ ЖӨНІНДЕГІ ҚАҒИДА	

ҚОСЫМША

Қосымшаның нөмірі	Қосымшаның атауы
№1 қосымша	Банктік қызметтерді/операцияларды жүргізуге арналған мөлшерлемелер мен тарифтердің шекті шамалары
№2 қосымша	Алынып тасталды
№3 қосымша	Іс-шаралар жоспары

 Евразийский Банк	ҚҒ	беті. 19 19
	ОПЕРАЦИЯЛАРДЫ ЖҮРГІЗУДІҢ ЖАЛПЫ ТАЛАПТАРЫ ЖӨНІНДЕГІ ҚАҒИДА	

ӨЗГЕРТУЛЕР МЕН ТОЛЫҚТЫРУЛАР ПАРАҒЫ

№ р/с	Хаттама нөмірі	Хаттама уақыты	Күшіне енген күн	Өзгерістер бастамашысы
1.	44	10.05.2018	11.07.2018	Қазынашылық департаменті және АІМ, Корпоративтік блок
2.	67	30.06.2018		
3.	99	17.10.2018		
4.	116	29.12.2018	11.01.2019	Қаржы блогының Қаржы департаменті
5.	20	13.03.2019	09.04.2019	Қаржы блогының Қаржы департаменті
6.	62	20.08.2019	11.09.2019	Қаржы блогының Қаржы департаменті
7.	5	04.02.2020	25.02.2020	Қаржы блогының Қаржы департаменті
8.	35	19.05.2020		Қаржы блогының Қаржы департаменті
9.	47	24.06.2020		Қаржы блогының Қаржы департаменті
10.	50	08.07.2020		Қаржы блогының Қаржы департаменті
11.	52	21.07.2020		Қаржы блогының Қаржы департаменті
12.	55	28.07.2020		Қаржы блогының Қаржы департаменті
13.	59	19.08.2020		Қаржы блогының Қаржы департаменті
14.	62	02.09.2020		Қаржы блогының Қаржы департаменті
15.	69	29.09.2020		Қаржы блогының Қаржы департаменті
16.	73	21.10.2020		Қаржы блогының Қаржы департаменті
17.	82	09.12.2020		Қаржы блогының Қаржы департаменті
18.	6	03.02.2021		Қаржы блогының Қаржы департаменті
19.	8	12.02.2021		Қаржы блогының Қаржы департаменті
20.	14	03.03.2021		Қаржы блогының Қаржы департаменті
21.	24	28.04.2021		Қаржы блогының Қаржы департаменті
22.	29	26.05.2021		Қаржы блогының Қаржы департаменті
23.	37	07.07.2021	23.07.2021	Қаржы блогының Қаржы департаменті
24.	53	22.09.2021	11.10.2021	Қаржы блогының Қаржы департаменті
25.	65	03.11.2021	18.11.2021	Қаржы блогының Қаржы департаменті
26.	19	25.03.2022	15.04.2022	Қаржы блогының Қаржы департаменті
27.	40	01.06.2022	21.06.2022	Қаржы блогының Қаржы департаменті
28.	49	05.07.2022	08.07.2022	Қаржы блогының Қаржы департаменті
29.	3	18.01.2023	20.01.2023	Қаржы блогы/Қаржы департаменті
30.	26	30.03.2023	04.04.2023	Қаржы блогы/Қаржы департаменті
31.	67	09.08.2023	15.08.2023	Қаржы блогы/Қаржы департаменті
32.	85	27.09.2023	09.10.2023	Қаржы блогы/Қаржы департаменті
33.	4	17.01.2024	24.01.2024	Қаржы блогы/Қаржы департаменті
34.	36	17.04.2024	26.04.2024	Қаржы блогы/Қаржы департаменті
35.	56	19.06.2024	09.07.2024	Қаржы блогы/Қаржы департаменті
36.	62	17.07.2024	24.07.2024	Қаржы блогы/Қаржы департаменті
37.	74	04.09.2024	16.09.2024	Қаржы блогы/Қаржы департаменті
38.	93	06.11.2024	18.11.2024	Қаржы блогы/Қаржы департаменті
39.	101	11.12.2024	26.12.2024	Қаржы блогы/Қаржы департаменті
40.	7	12.02.2025	20.02.2025	Қаржы блогы/Қаржы департаменті
41.	23	30.04.2025	01.07.2025	Қаржы блогы/Қаржы департаменті
42.	52	28.07.2025	07.08.2025	Қаржы блогы/Қаржы департаменті
43.	89	19.12.2025	23.12.2025	Қаржы блогы/Қаржы департаменті
44.	24	15.04.2026	22.04.2026	Қаржы блогы/Қаржы департаменті
45.	30	29.04.2026	13.04.2026	Қаржы блогы/Қаржы департаменті